

Бұл мақалада авторлар қазіргі кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығы және олардың стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы даму тұстары қарастырылады.

In given article authors consider modern financial stability of the enterprise through achievements of the developed strategic programs.

Г.К. Исаева

САЛЫМДАРДЫ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Экономиканың дамуы капитал нарығы және қаржы-несие жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Өз кезегінде, аталып өткен нарық пен жүйе 2007-2008 жж. қаржылық дағдарыс кезеңінде өздерінің осалдығын танытты. Салымшылар тарапынан сенімділікті жоғалту несие ұйымдарының іс-әрекетінің орнықтылығын бұзып, қаржы жүйесінің айтарлықтай әлсіреуіне әкеліп соқтырады. Сондықтан салымшыларды қорғау мақсатында депозиттерге кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымдардың нәтижелі қызметі үлкен мәнге ие болуда.

Салымдарды сақтандыру жүйелері қаржы нарығының орнықтылығына оңды әсерін тигізеді. Алайда, бұл жүйенің қызмет етуі барысында бірқатар проблемалар туындауы ықтимал. Бұл жүйелер енгізілгеннен соң депозиттік ұйымдардағы операциялардың тәуекелі өсуі мүмкін. Ал бұл, өз кезегінде, мемлекеттік шығындардың қомақты қаржыларын қажет етеді. Осылайша, 2008 жылдың қазан айынан бастап АҚШ-тағы салымдарды сақтандырудың Федералды корпорациясы (Federal Deposit Insurance Corporation, FDIC) американдық банктердің проблемалық активтерден арылу Бағдарламасын (Troubled Assets Relief Program, TARP) іске асыра бастады. Бұл Бағдарламаны іске асыру үшін 700 млрд. АҚШ долларына тең қор құрылған болатын [1].

Салымдарды сақтандыру жүйелерін талдау салымдарды сақтандырудың әдістері мен қағидаттарын анықтауға мүмкіндік берді. Осы белгілер бойынша салымдарды сақтандыру жүйелерін жіктеуге болады. Әрбір мемлекет алға қойған міндеттеріне қарай салымдарды сақтандырудың белгілі-бір жүйесін таңдап отырады. Бұл оның экономикасының даму деңгейіне және басқа да факторларға тәуелді.

Сол себепті, түрлі елдердегі салымдарды сақтандырудың жүйелерінде сақтандырылатын салымдарды (салым түрлері, кепілдік берілетін салымның мөлшері, бір тұлғаға тиесілі болатын бірнеше салымдарға кепілдік беру мәселелері, т.с.с.) анықтауда бірыңғай тәсіл қолданылмайды. Мысалы, егер мемлекеттің мақсаты ел экономикасына шетел капиталын тарту болатын болса, шетел салымшылары мен шетел банктерінің өкілдіктері айрықша жағдайға ие болады (соның ішінде қосымша банк кепілдіктері түрінде де). Осылайша, Алманияда ұлттық валютада да, шетел валютасында да жасалған салымдар, сонымен қатар, жергілікті банктердің шетел өкілдіктеріндегі салымдар да сақтандырылады.

Ал егер, жергілікті тұрғындардың қолындағы қаржыларды экономикаға тарту қажет болса, ұлттық салымшылар мен банктердің жағдайы айрықша болуы керек. Мысалы, Ұлыбритания мен Францияда ұлттық валютадағы салымдар ғана сақтандырылады. Аталып өткен екі тәсілді үйлестіре отырып қолдану ең оңтайлы тәсіл деп танылады. Өйткені, кез-келген ел экономикасы үшін сырттан келетін инвестициялармен қатар, ел ішіндегі қаражатты да тарту аса маңызды болып келеді.

Төлемдерге кепілдік беру қағидаты да түрлі елдердің салымдарды сақтандыру жүйелерінде түрліше болып келеді. Еуропалық Одақ, АҚШ, Канада, Қазақстан, Ресей және басқа да елдерде жарым-жартылай төлеу қағидаты қолданылса, Түркия, Аргентина секілді елдерде салымшыларға толық өтемақының төленуіне кепілдік беріледі. Жапония, Оңтүстік

Корея, Колумбия мен Эквадорда банк жүйесінің дағдарысқа ұшырауы жағдайында ғана толық өтемақы қарастырылған.

Шетел ақпарат көздерін талдау барысында өтемақының мөлшері туралы мәліметтер тек жеке тұлғалардың депозиттерін сақтандыру бойынша ғана келтірілетінін атап өтуге болады. Мысалы, АҚШ-та 2008 жылдың қазан айынан бастап бір салым бойынша 250 мың АҚШ доллар өтемақыға кепілдік берілетін болды (бұрын бұл сома 100 мың АҚШ доллары шамасында болған). Жапонияда – 10 млн. иена (шамамен 97 мың АҚШ доллар көлемінде) [2].

Еуропалық Одақ шеңберінде 2009 жылдан бастап бір салымшыға 100 мың еуро мөлшеріндегі өтемақы белгілеу ұсынылады [3]. Алайда, Еуропалық Одақ мүшелері бұл шаманы өз бетінше өзгертуге құқы бар. Дамушы елдер мен өтпелі экономикасы бар елдерде өтемақының кепілді мөлшері 376 АҚШ долларынан бастап (Танзания) 11 756 АҚШ долларына дейінгі (Чехия) аралықта өзгереді. Украинада салымдарға кепілдік беру жүйесіне кіретін банктің салымшыларына банк банкрот болған жағдайда 150 мың грн. (15,1 мың еуро) төленеді. Ресейде өтемақы сомасы 700 мың рубль (25 мың АҚШ доллары). Қазақстанда бұл мөлшер 5 млн. теңгеге тең (шамамен 33,5 мың АҚШ доллары).

Сақтандыру жарналарының мөлшері мен оны төлеу тәртібі де, сақтандыру жағдайы орын алғанда өтемақы мөлшері секілді көрсеткіштер де түрлі елде түрліше. Мысалы, Жапонияда жыл сайынғы сақтандыру төлемдерінің мөлшері жалпы сақтандырылған депозиттер сомасының 0,008% құраса, Алманияда алдыңғы жылы банкте орналастырылған депозиттердің жинақталған пайыздарды қосқандағы орташа сомасының 0,3% құрайды, Чехияда – 0,1%. АҚШ-та жыл сайынғы жарналардың мөлшері банктің өтімділік, төлемқабілеттілік және қаржылық тұрақтылық деңгейлеріне тәуелді болады. Атап айтқанда, қаржы жағдайы орнықты банктер үшін ол 0,23% мөлшерінде белгіленсе, проблемалары бар банктер үшін – 0,31%, тәуекелі жоғары банктер үшін – 0,5% мөлшерінде тағайындалады. Ресейде банктердің тоқсан сайынғы жарналары тартылған салымдардың 0,1% мөлшерін құрайды.

Басқару тәсілдерін талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: салымдарды сақтандыру жүйесі мемлекет тарапынан да (әлемдік сақтандыру қорларының жартысына жуығы, мысалы, Ұлыбритания, Индия, Исландия, Канада, Колумбия, АҚШ), жеке институттармен де (шамамен 15%, мысалы, Австрия, Бразилия, Финляндия, Франция, Швейцария), аралас түрінде де (35% шамасында, мысалы, Бельгия, Болгария, Дания, Жапония) басқарылуы мүмкін [4].

Депозиттерді қорғаудың 2 типін бөліп көрсетуге болады: «жанана» және «тікелей». «Тікелей жүйелер» депозиттерге кепілдік берудің заң жүзінде бекітілген жүйесіне негізделеді. Мұнда өтемақы төленетін шарттар (әдетте, оған банк іс-әрекетін жүргізу лицензиясын қайтару жатады), бір салымшыға тиесілі өтемақының ең үлкен мөлшері, өтемақы төленетін депозит түрлері, өтемақы төлемдерін қаржыландыру көзі, жүйені (қорды) басқарумен байланысты мәселелер нақты түрде белгіленеді.

«Тікелей қорғайтын» елдердің жартысынан астамы Еуропада орналасқан. Бұдан басқа, бұл тәсіл жер шарының батысында және Азия елдерінде де кең түрде пайдаланады. Ал, Африка мен Таяу Шығыста оны тек кейбір елдер ғана қолдануда. Бұндай елдерде кепілдік заң жүзінде бекітілген және мемлекет тарапынан қамтамасыз етілген (АҚШ және басқа да елдерде). Алманияда салымдарға жеке институттар тарапынан кепілдік беріледі, мемлекет тікелей бұл жүйеге араласпайды. Бірақ, мұндай тәсілді де «тікелей қорғау жүйесі» деп тануға болады. Өйткені, бұл кепілдік заң жүзінде бекітілген.

Мұнымен қатар, әлемнің шамамен 50 елінде (Батыс Еуропадан басқа) депозиттерді имплициттік қорғау жүйесі (implicit deposit protection) қолданылады. Оны басқаша «жанана жүйе» деп атайды. Депозиттерді «жанана қорғау жүйесінде» өкімет ауызша түрде кепілдік береді.

Депозиттерді сақтандырудың әлемдік тәжірибесі мен ерекшелігін талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: салымдарды сақтандыру жүйесі сақтандыру операцияларын жүзеге асыру үшін берілетін лицензия негізінде қызмет ететін сақтандыру ұйымдарының қатарына кірмейді, сонымен бірге сақтандырудың бас қағидаттарына сүйенбейді.

Бұл жүйелердің қызметін мемлекеттің банк секторы мен төлем жүйесінің, сонымен қоса бүкіл экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында арнайы құқықтық нормалар мен ұйымдық-қаржылық тетіктерінің жүйесін пайдаланатын «салымдарға кепілдік беру» іс-әрекеті деп сипаттауға болады.

Соңғы жылдардағы банк секторының даму үрдісін талдау нәтижесінде әлемдік банк қауымдастығы жеке тұлғалардың салымдарын қорғаудың ұлттық үлгілерін қайта құрудың қажеттілігінің туындағанын байқауға болады. Сондағы 4 тәсіл қарастырылуда:

- біріншісі: мемлекет тарапынан депозиттерді сақтандыруды жойып, орнына жеке сақтандыру бағдарламаларын енгізу;

- екіншісі: депозиттерді сақтандыруда мемлекет рөлін сақтай отырып, оған түзету енгізу;

- үшіншісі: аталып өткен екі тәсілді біріктіріп қолдану;

- төртіншісі: банктерден өз іс-әрекетін жекелей сақтандырылған немесе сақтандырылмаған құрылымдық бірліктер ретінде жүзеге асыруын талап ету.

Әлемдік валюта қорының ұсыныстары бойынша салымдарды сақтандыру жүйесі жалпы сақтандыру шарттарына сай қызмет атқаруы қажет. Салымдарды сақтандыру жүйесінде сақтандыру компанияларының белсенді түрде қызмет етуі Алмания, Канада, АҚШ секілді дамыған қаржы жүйесі бар елдер үшін тән болуда.

Салымдарды қорғау арнайы мамандандырылған құрылымдардан құралған жүйе жүзеге асырғаны жөн:

- салымдарды сақтандыруды қамтамасыз ететін сақтандыру компаниялары (сақтандыру компаниялардың пулы);

- сақтандыру резервтерінің қаржыларын инвестициялау саясатын әзірлеп шығаратын инвестициялық компаниялар;

- банктер банкрот болған жағдайда конкурстық басқаруды қамтамасыз ететін дағдарыстық менеджерлер.

Күрделі тәуекелдерді сақтандырып қорғауды қамтамасыз етуде және зардап шеккен адамдар саны көп болғанда оларға өтемақы төлеуде айтарлықтай үлкен әлемдік тәжірибе жинақталған. Атап айтқанда, Вена конвенциясына сәйкес, ядролық залалды өтеу бойынша қаржылық кепілдіктерді қамтамасыз етудің негізгі тәсілі сақтандыру болып келеді [5]. Оны жүзеге асыру үшін сақтандыру компаниялары ерікті түрде сақтандыру пулдарына бірігеді. Бұндай тәжірибе салымдарды сақтандыру жүйесін қайта құру кезінде де табысты қолдануға болады. Сақтандыру пулының мақсаты – сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын пулға қатысушы мүшелердің қаржыларын біріктіру жолымен қамтамасыз етіп, сақтандырушылардың ірі тәуекелден сақтандыруды ұйымдастыруға деген қажеттілігін қанағаттандыру. Сол себепті, сақтандыру пулы туралы Келісімде, әдетте, сақтандырушы-пул мүшелерінің сенімділігіне қатаң талаптар қойылады. Осылайша, пулға мүше болу үшін активтер мөлшері, төлемқабілеттілік көрсеткіштері, өтімділік және т.с.с. көрсеткіштерге баса назар аударылады. Мұнда салымшыларды қорғау жүйесі екі деңгейде жүзеге асырылады:

1-деңгей – тәуекелдер деңгейіндегі сақтандыру пулы;

2-деңгей – Қазақстандық кепілдеме қоры.

Бұндай жүйе кезінде сақтандыруға алынған депозит мөлшері сақтандыру пулынан артық болған жағдайда, арасындағы айырмашылық қайта сақтандыруға кепілдеме қорына тапсырылады. Оған қоса келіп түскен сақтандыру жарналарының да сәйкес бөлігі (қайта сақтандыру сыйақысы) беріледі.

Аталып өткенді қорытындылай келе, салымдарды сақтандыру жүйесін бір мақсаттарды көздейтін мүшелерден құралған құрылымдық элементтердің жиынтығы деп көрсетуге болады. Олардың үйлесімді қызмет етуі нәтижесінде салымдарды сақтандыру жүйесінің қаржылық орнықтылығы қамтамасыз етіледі. Жеке сақтандыру ұйымдары мен мемлекеттік мекемелердің осындай синтезі арқылы салымдарға кепілдік беру жүйесінің мүмкіндіктерін толықтай пайдалануға, сақтандыру технологияларын пайдалану арқылы қазіргі салымдарды сақтандыру жүйелерінің тәуекелдерін барынша төмендетуге мүмкіндік аламыз. Сақтандыру тәуекеліне қарай сақтандыру сыйақыларын белгілеу қолданылатын болғаннан соң,

салымдарды сақтандыру жүйесіне қатысушы банктерде превентивті іс-шараларды жүзеге асыруға деген стимул пайда болады. Өйткені, көптеген елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, банк тарапынан қадағалау қызметінің арнайы іс-шаралары (атап айтқанда, банк капиталы мөлшерінің нақты стандарттары мен құрылымы, басқа да нарық тәртібін нығайту тетіктері) жүргізілмесе, салымдарға кепілдік берудің жүйесі тиімсіз болады.

Кәсіби сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру технологияларын пайдалану депозиттерді сақтандыруды жетілдіру жолының бірі. Өйткені, дағдарыс жағдайында мемлекеттің экономикадағы рөлі өскенмен, нарықтық реттегіштерді де жетілдіру қажеттілігін ұмытпағанымыз жөн.

-
1. Программа освобождения американских банков от проблемных активов, принятая в октябре 2008 г. Конгрессом США // www.bloomberg.com
 2. Fact Book & Membership Directory 2006–2007 – Mortgage Insurance Companies of America, 2007 // www.micanews.com/press/factsheets/2006–2007 FactBook.pdf
 3. Directive 2009/14/EC of the European Parliament and of the Council on Deposit Guarantee. European Union.
 4. Asli-Demirguc-Kunt, T.Sobaci. Deposit Insurance Around the World: A Data Base // The World Bank, 2004. – P.36
 5. Венская конвенция о гражданской ответственности за ядерный ущерб от 21.05.63г. // www.businesspravo.ru/Docum/DocumShow_DocumID_103771.html

Система страхования вкладов положительно влияет на устойчивое развитие всего финансового рынка. Однако эта система увеличивает риски операций банков второго уровня. В статье рассмотрены модели страхования вкладов в коммерческих банках, действующие в разных странах мира. А также даны предложения по ее совершенствованию, путем внедрения частной системы страхования вкладов с участием страховых организаций наряду с использованием государственной системой гарантирования депозитов.

Deposit insurance system influence for state development of all financial market. But this system increases the risks of the operation of the commercial banks. In this article researched Deposit insurance models of the different countries in the world. Also there get to improve it: use government Deposit systems with proprietary systems where will be functioned insurance companies.

М.Д. Тинасилов, А.Р. Уркумбаева, Ф. Текеев

ФИНАНСОВЫЙ АНАЛИЗ ХОЗЯЙСТВУЮЩЕГО СУБЪЕКТА (НА ПРИМЕРЕ КОМПАНИИ «АТВ»)

Финансовый анализ хозяйствующего субъекта является основным источником, как для внешних, так и для внутренних пользователей информации.

Информация, содержащаяся в этих документах, также как и в других справках и отчетах о натуральных показателях работы предприятия, является сырьем для руководителя и аналитика, которые после сортировки, систематизации получают четкие и ясные данные, влияющие на принятие управленческого решения. Финансовый анализ хозяйствующего субъекта одновременно имеет значение, как прогноза потока денежных средств, так и процесса планирования и достижения успеха предприятия.

В этой связи, рассмотрев, как извлекать необходимую информацию из балансового отчета и отчета о финансовых результатах мы постараемся проследить важные взаимосвязи между этими документами и понять в чем их сущность. Это нужно для того, чтобы оценить финансовое положение предприятия по следующим важнейшим характеристикам таких как: